| Құрылыс мерзімін 1 ұзарту жөніндегі құжаттар тізбесі | |
|---|---|
| **№ р/с** | Құжат атауы/Тексеру критерийінің атауы |
| 1. | Еркін нысанда жасалған жоба бойынша құрылыс мерзімін ұзарту қажеттігі туралы негіздемесі бар хат; |
| 2. | Құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның басшылары қол қойған және олардың мөрлерімен (бар болса) куәландырылған, сондай-ақ сұратылған ұзарту ескеріліп xls/xlsx/xlsm форматында электрондық түрде, Қоғамға жүгінгенге дейінгі айдың соңғы күніне жоспарланған және нақты сатылымдар көрсетілген Сату жоспары мен нақты жұмсалған шығындар есепке алынған, құрылыс жобасы бойынша жобалау шығындарының жоспары; |
| 3. | Қолданыстағы мердігерлік шартқа қосымша келісімнің жобасы не қосымшалармен жаңа мердігерлік шарттың жобасы және бұрын жасалған шартты бұзу туралы келісімнің жобасы; |
| 4. | Құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның басшылары қол қойған және олардың мөрлерімен (бар болса), сондай-ақ электрондық түрде расталған артта қалу мерзімдерін қысқарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; |
| 5. | Құрылыс салушының және уәкілетті компанияның соңғы есепті кезеңге (тоқсанға, жартыжылдыққа, жылға) арналған қаржылық есептілігі, құрылыс салушының және уәкілетті компанияның қаржылық есептілігі баптарының толық жазылуымен, құрылыс салушының және уәкілетті компанияның басшысы/бас бухгалтері қол қойған және құрылыс салушының және уәкілетті компанияның (қажет болған жағдайда) қолданыстағы қарыз/қаржылық көмек шарттарын қоса бере отырып, өтеу кестелерімен және нысаналы мақсатын көрсете отырып, мөрмен (бар болса) расталған (өтеу мерзімін ұзарту шартымен үйді пайдалануға бергеннен кейін 6-12 айдан ерте емес), бас компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігі немесе құрылыс салушының аффилиирленген компанияларының/уәкілетті компанияның қаржылық есептілігі (қажет болған жағдайда), құрылыс салушының есеп шотынан үзінді көшірмелер (егер ол бас мердігер болып табылса) және уәкілетті компанияның құрылыс басталғаннан бергі кезеңдегі қаржылық есептілігі |
| 6. | Құрылыс салушының және уәкілетті компанияның бірінші кредиттік бюродан (БКБ) деректерді түсіруге келісімі |
| 7. | Төлем мерзімі бар кредиторлық және дебиторлық берешектің мөлшері бойынша уәкілетті компанияның және бас мердігердің контрагенттерін тексеріп, төлемді не төлем шарттарын растайтын төлем құжаттарын қоса тіркеп, қалдық жұмыстардың көлемі мен |

| | |
|---|---|
| | Құрылыс материалдарын сатып алу жоспары бойынша инжинирингтік компания растаған ақпаратты; |
| 8. | Түсімдер сомасы мен кестесін және дебиторлық берешек сомаларын көрсете отырып, пәтерлер (оның ішінде бөлмелер бөлінісінде), коммерциялық орынжайлар мен тұрақ орындарын сату бойынша егжей-тегжейлі ақпарат |
| 9. | Дебиторлық берешекті қайтару мерзімдері бойынша ақпарат |
| 10. | Уәкілетті компания бойынша салық төлеуші кабинетінен тіркеу деректері |
| 11. | ЕДБ-мен Компания тарапынан уәкілетті компанияның шотын қосымша қарау туралы келісім/келісім хаты және/немесе уәкілетті компанияның Қоғаммен келісілген мерзімде осындай келісім жасасу туралы жазбаша міндеттемесі |